

**Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі  
Өкілдігінің мәселелері**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 11 қараша N 1150

Ресей Федерациясымен және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының басқа да елдерімен сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамыту және нығайту, сондай-ақ беріліп тұратын өнім үшін өзара есеп айырысуларды жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Ресей Федерациясының Мәскеу қаласында Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Өкілдігін (бұдан әрі - Өкілдік) ашу туралы ұсынысы қ а б ы л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі бекітілген сан мен еңбекке ақы төлеу қоры шектерінде:

- 1) Өкілдік қызметкерлерінің жалпы санын белгілесін;
- 2) Өкілдік туралы ережені бекітсін.

3. Орталық атқарушы органдардың қызметкерлері үшін қолданылып жүрген заңдарда көзделген әлеуметтік кепілдіктер мен өтемақылар Өкілдіктің Ресей Федерациясының Мәскеу қаласына ауыстыру тәртібімен көшкен қызметкерлеріне қ о л д а н ы л а д ы деп б е л г і л е н с і н .

Көрсетілген төлемдер Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің басқару аппаратын ұстауға 1998 жылға арналған шығындар шектерінде ағымдағы ұстауға арналған шығындарды қысқарту есебінен жүзеге асырылсын.

4

ЕСКЕРТУ. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.05.27. N 657 қаулысымен.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*